

Өскеменге «Инновациялық автобус» келді

Жанаргүл Мұқатай

Кеше Астанада жақтауында «Елге сенің идеяларың қажет!» деген үндеуі бар «Инновациялық автобус» Өскеменге келіп жетті.

Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен бірлесе отырып, ел ішіндегі инновациялық жобаларды жинап, оларға мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсетіп, жүзеге асыру мақсатында Астанада арнайы автобуспен келген «Ұлттық технологиялық даму агенттігі» АҚ сарапшылары «Алтай» технологиялық паркінің көрме залында облыста жасалып отырған инновациялық жобалармен, өнертапқыштық туындылармен танысып, аймақ кәсіпкерлерімен дөңгелек үстел өткізді.

– Қазақстанда 2005 жылдан бастап өткізіліп келе жатқан «NIF\$50K» инновациялық бизнес жобалардың республикалық конкурсы аясында былтырдан бері облыс орталықтарына жаңа бастамаларды жинайтын «Инновациялық автобус» шығарылып, жергілікті жерлердегі кәсіпкерлердің өз ұсыныстарын тікелей жолдауға, көрсетуге бірден-бір мүмкіндік туғызылды. 27-мамырда Астанадан шыққан топ осы уақытқа дейін Қостанай, Петропавл, Қарағанды, Павлодар қалаларында болып, бүгін осында келді. Облыс әкімдіктерімен, «Нұр Отан» ХДП-ның қолдауымен өткізіліп жатқан шара аясында одан әрі қарай еліміздің барлық қалаларында болады. «Инновациялық автобус» әр өңірдегі инновациялық тың бастамаларды, жаңа жобаларды жинап, олардың жүзеге асуына қолдау көрсету мақсатында Өскеменге келіп тұр. Конкурстың басты мақсаты – халықтың инновациялық жаңалықтарды енгізуге деген қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру. Бастамасы, жаңа идеясы бар кәсіпкерлер, өнертапқыштар конкурсқа қатысуға бүгінгі шара соңынан-ақ тапсырыс берулеріне болады, – деді Ұлттық технологиялық даму агенттігінің басқарушы директоры Серік Маратов.

(Соңы 2-бетте)

Өскеменге «ИННОВАЦИЯЛЫҚ АВТОБУС» келді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Технопаркте агенттіктің басқарушы директоры мен агенттік сарапшылары бастаған топты облыс Әкімінің бірінші орынбасары Ермек Көшербаев өңір кәсіпкерлерінің жаңа жобаларымен таныстырды.

«Биоотын шақпағы», «Жылу сорғылары», «Арболитті кірпіштер», «Бентонит ұнтақтары», тат баспайтын берік құрыш металл бұйымдарын электролитті плазмалық өңдеу тәрізді бірнеше ондаған жаңа жобаларды ұсынған облыс ғалымдары, өнертапқыштары, кәсіпкерлерімен қоса «Инновациялық автобусқа» өздерінің мектеп қабырғасындағы ізденістерінің нәтижесінде өмірге келген физика, информатика саласындағы жаңалықтарын алып келген жастар да көп болды.

11 жасар Глеб Данилов «Балалардың электронды ақшасы» жобасын ұсынып, ақшаны тиімді жұмсаудың, үнемдеудің ата-аналарға да, балаларға да қолайлы жолын табуға талпынса, өңірге белгілі өнертапқыш Михаил Булдаков қария «Жасыл экономика» қағидасына негізделген бірден-бір тың жоба боларлық ауаның статикалық қысымымен жұмыс істейтін турбина қондырғысы жабдықтары арқылы электр энергиясын алудың қарапайым да айрықша тәсілін жасап шығарыпты.

Қарт ғалыммен тығыз байланыста жұмыс істеп жатқан Өскемен политехникалық колледжінің директоры Исатай Исин жобаны жасауға оқу орны тарапынан қаржылай көмек көрсетілгенін, алдағы маусым айында жобаның тәжірибелік-өндірістік нұсқасы жасалатынын, әрі қарай мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатса, арзан әрі сенімді қуат көзіне айналатындай үлкен инновациялық жоба болатынын айтты.

Жобаның қыр-сырымен қысқаша танысқан Ұлттық технологиялық даму агенттігінің басқарушы директоры өзге де бірнеше жаңа бизнес жобалармен бірге аталған жобаны да сарапшылар қарауына беруді ұсынды.

«Инновациялық автобусқа» көкейде жүрген армандарын іске асырсақ деп, үлкен үміт артып келген кәсіпкерлердің бірі – «Бентонит и К» ЖШС-нің басшысы Анатолий Семянов. Кәсіпкер Тарбағатай ауданының Ақжар ауылында бентонит өңдейтін зауыт салуды жоспарлап жүр екен. Қазір бентонит балшықтары өңделмеген шикізат күйінде Ресейге арзанға сатылуда. Өзіміздің өндіріс орындары, өзге де тұтынушылар өнеркәсіп саласында, мал азығын жасайтын қосымша өнім ретінде ауыл шаруашылығында, бұрғылау жұмыстарында қолданылатын бентонит ұнтақтарын шетелден сатып алу да. Тоннасын 500 АҚШ долларына алады.

Егер жергілікті жерден алынып жатқан дайын шикізат болыста өңделіп, шығарылатын болса, мемлекет қазынасына түсетін қаржы көбейіп, ауыл тұрғындары жұмыс тауып, өндірісшілер арзан да сапалы отандық өнімге қол жеткізбек. Құны 300 млн. теңге деп жобаланып отырған зауытта 50 адамды тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік бар көрінеді. Бұл жоба иесінің де бизнес жоспары құпталып, комиссия қарауына алынатын болды.

Зырян қаласынан келген кәсіпкер Екатерина Тулевканованың «Арболитті кірпіштер» өндірісі жобасы да облыстағы соңғы инновациялық жаңалықтардың бірі. Ағаш ұнтақтары мен цементтің қоспасынан жаңа технология бойынша жасалатын арболитті кірпіштер бірнеше метр биіктіктен лақтырсаң да сынбайтын, берік құрылыс материалы болуымен ерекшеленбек. Қажетті шикізат

аудандағы ағаш өңдеу кәсіпорындары мен цемент зауытынан алынатын болғандықтан, өнім бағасы да аса қымбат емес көрінеді. Әзірге мұндай құрылыс материалы Алматы облысында ғана өндіріліп жатыр.

Инновациялық бизнес жобаларды анықтауға арналған конкурстың жеңімпазына 7,5 млн. теңге, екінші, үшінші орын алғандарға – 2,5 және 1 млн. теңге көлемінде грант беріледі.

Жоба авторларының инновациялық бизнес жоспарларының тұсаукесерінен соң агенттік сарапшылары облыстағы бизнес қауымдастықтары өкілдерімен, кәсіпкерлермен инновациялық жобалардың мәнісі, олардың экономиканы дамытудағы алар орны, жаңа жобаларды іске асыруға орай мемлекеттен берілетін көмектер, қолдаулар, осы көмектерге қол жеткізудің түрлі тетіктері жайында семинар өткізді. Қатысушылар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

Семинарды ашқан облыс Әкімінің бірінші орынбасары Ермек Көшербаевтың айтуынша, бүгінгі күні облыс инновациялық технологияларды дамыту жағынан елімізде 2-ші орында келеді. Өткен жылы осы бағыттағы шараларға 33,6 млрд. теңге қаржы жұмсалған. Облыста жүзеге асырылып жатқан инновациялық шаралар көлемі 2009 жылмен салыстырғанда бес есеге артып отыр. Жалпы, Шығыста инновациялық зерттеу, ғылыми жұмыстармен екі мыңнан астам адам айналысуда.

Өндірістегі инновациялық технологияларды дамыту бойынша өңірде атқарылған басты шаруаның бірі – тау-кен, металлургия өнеркәсібі құрал-жабдықтарын жетілдіруге арналған конструкторлық бюроның құрылып, нәтижелі жұмыс істеп

жатуы. Қазір мұнда 46 өндіріс техникасы бойынша жаңа жоба бекітіліп, 36 жаңа техника, құрал-жабдықтардың өндірістік-тәжірибелік үлгісі жасалып, шығарылып отыр.

Сонымен қатар, Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ мамандарының енгізіп отырған инновациялық жаңалықтары да біршама. Сарапшылар қарауына қойылған жұмыстардың ішінде аталған оқу орны кафедраларының жобалары да көп болды.

Бүгінгі шарада белгілі болғандай, Шығыста көңіл аударып, мемлекет тарапынан қолдау көрсетерлік, грант беруге тұрарлық өзекті инновациялық жобалар аз емес. Инновациялық жобаларын алып келіп отырған қатысушылардың саны да көп. Қарағанды, Алматы қалалары, Шығыс Қазақстан облысы – индустриялық бағыттағы, экономикалық әлеуеті мол өңірлер. Осы жолы көріп, танысқан бизнес жобаларды өзімізбен бірге алып кетеміз. Оларды әр сала бойынша сарапшылар тобы қарап, бекітетін болады. Бүгін өткізуге мүмкіндігі болмай қалғандары кейін де электронды нұсқасын салып жібере алады. GPS ғарыштық байланыс жүйесіне қосылған «Инновациялық автобусқа» аудан кәсіпкерлері де хабарласып, ауыл маңына таяған шақта бізбен хабарласып, тілдесіп, өз жобаларын өткізулеріне де болады. Инновациялық жобалар тек конкурсқа қатыстырылып қана қоймайды, оларды әрі қарай жылжытып, елімізде жүргізіліп жатқан өзге де мемлекеттік бағдарламаларға енгізу мүмкіндіктерін қарастыратын боламыз, – деді кәсіпкерлермен, жоба авторларымен болған дөңгелек үстелді қорытындылаған Ұлттық технологияларды дамыту агенттігінің басқарушы директоры Серік Маратов.